



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ


НҰСҚАУЛЫҚ










**«ГЕОГРАФИЯ», «ТУРИЗМ» ЖӘНЕ «СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СУДЫ
ПАЙДАЛАНУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ МЕН СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН
ОҚЫТУШЫЛАРЫ ҮШІН ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША
НҰСҚАУЛЫҚ**

СМЖ № 141

Атырау 2021 ж.


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Туристік шаралардың жетекшісіне, басқа да жауапты тұлғалар мен студенттер үшін қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4
5	Таныстыру парағы	9
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - ТЖ және ТҚ жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
 - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - ТЖ және ТҚ жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:


- ҚР - Қазақстан Республикасы
- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
- ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

4 Туристік шаралардың жетекшісіне, басқа да жауапты тұлғалар мен студенттер үшін қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

- 4.1 - Жергілікті жердегі студенттермен өткізілетін туристік-спорттық, туристік-аймақтық шаралар (көп күндік сапарлар, демалыс күнгі сапарлар,

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 10 беттен тұрады

экспедициялар, қала сыртына экскурсиялар мен серуендер) ҚР Білім және ғылым министрлігінің (Туристік сапарларды, экспедиция және экскурсияларды (саяхаттарды) ҚР оқушылармен, тәрбиеленушілермен және студенттермен ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша нұсқаулық), Облыстық Білім басқармасының және басқа да туристік-өлкетанушылық қызметтің ұйымдастырылуын реттейтін органдардың нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

- Туристік сапарлар (экспедициялар, демалыс күнгі сапарлар) кезіндегі студенттердің топтағы сандық құрамы 6 адамнан кем болмауы керек. Студенттер тобын әрбір 10 балаға екеуден кем болмайтын (оқу орнының өкілі, нұсқаушы-жолсерік) еріп жүруі керек.
- Қала сыртына экскурсияның (серуендер) жалпы ұзақтығы 1-4 сағат, бір күндік туристік сапар – 8 сағатқа дейін болуы керек.
- Туристік сапарларды ұйымдастыру кезінде (экспедициялар, қала сыртына экскурсиялар) жетекшілер және қатысушылар сапарды өткізу тәртібін, қозғалыс және демалыс режимін, жалпыға бірдей тәртіп ережелерін сақтауы тиіс.
- Топта қажетті медикаменттер және таңу құралдарымен жабдықталған медициналық аптечка болуы керек.

4.2


Туристік сапарларды (экспедициялар, қала сыртына экскурсиялар) өткізу кезінде төмендегідей қолайсыз факторлардың әсері болуы мүмкін:

- Қатысушылардың маршруттың техникалық күрделілігін білмеуі, толық бағаламауы, таңдалған маршрутқа физикалық жағынан дайын болмауы;
- Топтағы тәртіптің төмен деңгейде болуы, студенттердің топтың орналасқан жерін өз бетімен тастап кетуі, желөкпелік, қорқу, күрделі жағдайдағы дүрбелең;
- Жаз кезінде: жылдамдығы 10-15 м/сек жел, шаңды дауыл, тұман, қатты жауын, отшашу - гроза, орманның өртенуі, ыстық ауа райы, жоғары ауа температурасы кезіндегі жоғары ылғалдылық, бауырымен жорғалаушылар мен жәндіктердің шағуы (соның ішінде, энцефалитті, Лайм ауруын жұқтырушы кене), улы өсімдіктер, жидектер және саңырауқұлақтармен улану және күйік алу;
- Тексерілмеген ашық су қоймаларынан суды пайдалану кезінде асқазан-ішек ауруларын жұқтыру.

4.3

Туристік шаралардың жетекшісі және жетекшінің орынбасары үшін қауіпсіздіктің жалпы талаптары

- Жетекші, сапардың (экспедиция, қала сыртына серуен) техникалық қиыншылықтарына сәйкесті қажетті туристік тәжірибе, мамандық, құралдары болуы керек; денсаулық жағдайынан, қауіпсіз шаралары және сапарда (экспедиция, қала сыртына серуен) дәрігер алды көмек көрсету жөнінде нұсқаулықтан өтуі керек.
- Жетекші және жетекшінің орынбасары студенттер тұрғылықты жерінен шығып қайтып келгенше, және сапардың (экспедиция, қала сыртына серуен) сәтті өтуіне жауапты болып табылады. Осы кезеңде студенттердің өрт қауіпсіздігін сақтауын, табиғатты қорғауын, гигиена, санитария шараларын сақтауын, сонымен қатар күн тәртібі мен қоғамдық тәртібін сақтауын қадағалау керек.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 10 беттен тұрады

- Жетекші сапар алдында тиісті техникалық және физикалық дайындықты ұйымдастыруы керек; студенттерді оқыс жағдайлардан сақтандыру және энцефалит кенесі ауруларынан (көктемгі-жазғы кезеңде); студенттерді дәрігердің тексеруін, ата-аналардан студенттердің сапарға (экспедиция, қала сыртына серуен) шығуына рұқсат алу керек.
- Жетекші алдын ала сапар ауданын зерттеу керек, маршрут бойынша орындарды анықтау және оларды әдістерін, сапар жасалатын ауданның ауа райымен алдын ала танысу керек, сапарға қатысушыларды негізгі маршрутпен және маршруттың апаттық шығуларымен таныстырады.
- Сапарға (экспедиция, қала сыртына серуен) қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, табиғаттың қауіпті жағдайлары және басқа да жағдайлар, сонымен қатар жарақат алған адамға көмек көрсету қажет болғанда, тіптен, сапар маршрутын өзгерту немесе сапарды тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылдайды. Жетекші алдын ала балалардың шомылу орнын тексеруі тиіс.

Көктемгі-жазғы кезде, кенелердің шағып алуын болдырмау үшін, жүйелі түрде (сағатына 1 реттен кем емес) сапарға қатысушылардың денелері мен киімдерін тексеруді ұйымдастыру керек. Энцефалиттен қауіпті аудандарға көктемде – жаздың басында баруға сапарларды жоспарламау керек.

- Табиғаттың тосын құбылыстары кезінде, сапарды (экспедиция, қала сыртына серуен) өткізу жағдайы шұғыл нашарлап кеткен кезде, қауіпті аймақтан ұйымдасқан түрде алдын ала дайындалған маршрут бойынша шығып кету керек. Апаттық жағдайларда байбалам салмай, дүрбелен көтермей, саспау керек.
- Жарақат алған жағдайда, студент кенеттен ауырып қалған жағдайда, шұғыл түрде жарақат алушыға алғашқы көмек көрсету, қажет болған жағдайда, жақын арадағы емдеу мекемесіне жөнелту және орын алған оқыс оқиға жөнінде университет әкімшілігіне хабарлау керек;
- Қатысушының жоғалып кету жағдайында тез арада жақын жердегі іздеу-құтқару отрядына (ІҚО) және оқу орнының әкімшілігіне хабарлау керек.

4.4

Сапар (экспедиция, қала сыртына серуен) аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары:

- Тізім бойынша топтағы студенттерді түгендеу керек;
- Студенттердің хал-жәйлерін тексеру керек;
- Алынған саяхаттық құралдардың жағдайын тексеру, тиісті тәртіпке келтіру және жауапты тұлғаға тапсыру керек.


4.5

Студенттер үшін қауіпсіздік талаптары

Сапар, экспедиция, серуен алдында:

Саяхаттық сапарларға және экспедицияларға, қала сыртына серуенге сапарды (экспедиция, қала сыртына серуен) қауіпсіз өткізу туралы нұсқаулықтан өткен, маршрутпен, маршруттан апаттық шығулармен таныстырылған, сапардағы (серуенде) мүмкін болатын қауіпті жағдайлармен таныстырылған және денсаулық жағдайынан кері көрсеткіштері жоқ студенттер жіберіледі.

Студенттер тиісті техникалық және физикалық дайындықтан өтуі, дәрігердің рұқсатын алуы керек; оқыс жағдайдан сақтандырылуы керек, ал көктем-жаз

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 10 беттен тұрады

мезгілінде бұдан басқа, вакцина алу және кене энцефалитіне қарсы сақтандыру полисі болуы керек.

Студенттер ыңғайлы қозғалысқа кедергі келтірмейтін, кезеңге және ауа райына сәйкес келетін киім және аяқ киім киюі керек.

Қыс мезгілінде сапарға әшекейлер тағуға болмайды: сырғалар, білезіктер, сақиналар.

4.6

Сапар, экспедиция, қала сыртына серуен кезінде:

Саяхаттық сапарлардағы техника қауіпсіздігі ережелерін, тәртіпті сақтау керек, жетекшінің (нұсқаушының) және оның орынбасарының барлық нұсқауларын орындау, өздігінен тағайындалған қозғалыс маршрутын және топтың орналасу орнын өзгертуге болмайды, өздігінен топтың орналасқан орнын тастап кетуге болмайды.

Алау жаққан кезде өрт қауіпсіздігі, жеке қауіпсіздік және табиғатты қорғау ережелерін сақтау керек.

Асқазан-ішек ауруларын жұқтырып алмас үшін, тексерілмеген ашық су қоймаларынан қайнатылмаған су ішуге болмайды, ішуге тек қайнатылған және зарарсыздандырылған суды пайдалану керек.

Жануарларға қауіпті қашықтыққа жақындауға, жануарларды қолмен ұстауға, улы және тікенекті өсімдіктерді ұстауға болмайды.

Қайбір өсімдіктердің, жемістердің және саңырауқұлақтардың дәмін татуға болмайды, қар мен сүңгілерді жеуге болмайды.

Жетекшінің келісімінсіз тамақты, алкагольді сусындарды, темекі өнімдерін пайдалануға, таныс емес адамдардан тамақ түріндегі сый-сияпатты қабылдауға тиым салынады.

Жетекшінің көрсетуімен белгіленген жерлерде ғана, арнайы тағайындалған кезекшінің бақылауымен суға шомылуға болады.

Жеке бас гигиенасын сақтау керек. Денсаулық жағдайының нашарлауы немесе жарақат туралы саяхаттық сапар (экспедиция, қала сыртына серуен) жетекшісіне шұғыл түрде хабарлау керек.

Жергілікті жердің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сыйлау керек. Табиғатқа, тарихи және мәдени ескерткіштерге, жеке және топтық саймандарға құнттап қарау керек.


Команда мүшелері және сапардың (экспедиция) басқа да қатысушыларымен дау-жанжалға бармау керек.

4.7 Оқыс оқиғалар және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

Болжанбаған табиғат құбылыстары кезінде, сапарды өткізу жағдайы шұғыл нашарлағанда сапарға қатысушылар қауіпті аймақтан алдын ала дайындалған апаттық маршрутпен кетуі тиісті.

Апаттық жағдайлар туындаған кезде сабырлылық сақтап, жетекшінің барлық нұсқаулықтарын орындау керек:

- Жабайы аңдармен кездесу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау керек;
- Жабайы аңдардың өмір сүретін жерлерінде тығыз топ болып қозғалу керек, топтың орналасқан жерінен бір адам болып қашықтап кетуге (отынға, суға және т.б.) болмайды;
- Өзімен бірге белгі беретін ракетница, спорттық ысқырғыш болуы керек;
- Түнде шатыр ішіне, аңдар жақын келетін болса шу шығару үшін, ыдыс-аяқ алып кіру керек, түнде алау жағып қою, ұйымдасқан түрде кезекшілік жасау керек;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«География», «Туризм», «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандықтарының оқытушылары және студенттері үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	8 - бет, 10 беттен тұрады

- Аюдың даусы шыққан болса, қатты айқайлап, ыдыс-аяқты қатты салдырлату керек;
- Топтан қалып қойған немесе елді мекенде жоғалып кеткен сапарға қатысушы тез арада көмек сұрап мемлекеттік мекемеге (ТЖ Департаменті, полиция, әкімшілік және т.б.) жүгінуі керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіздер мыналар бола алады:

- заңды күші бар нормативтік-құқықтық актілерге қайта енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы-Ректор бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлулер;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Күші жойылған Нұсқаулықты алмастыруға және алып тастауға ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер мен ҚББ жауапты.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші инженері мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.

